

БЕКІТЕМІН:

Штаб басшысы

СҚО әкімінің орынбасары

Е. Әукенов



**Кеден одағының техникалық регламенттерін әзірлеу және бейімдеу
жөніндегі облыстық штаб туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

Осы ереже техникалық реттеу мәселелері жөніндегі Облыстық штабтың (бұдан әрі Штаб) тапсырмаларын, құқығын және қызметінің ұйымдастыру негізін анықтайды.

Штаб Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Шешімімен құрылады. Штабтың жұмыс органы «Солтүстік Қазақстан облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі болып табылады.

Штаб отырысында мемлекеттік органдар, даму институттары, «Нұр Отан» ХДП СҚОФ, ассоциация, СҚО Кәсіпкерлер палатасы өкілдері, бизнес-қауымдастық өкілдері, тұтынушылар, облыс өндірушілері қатысады.

Штаб өзінің қызметінде техникалық реттеу, стандарттау, метрология, аккредитация және осы Ереже саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

Штаб шешімі ұсынбалы сипатта келеді.

2. Облыстық штаб міндеттері

Штабтың негізгі міндеттері болып:

- кеден одағының техникалық регламенттерін және олармен өзара байланыстыратын құжаттарды талқылау (Өзара байланысатын стандарттар тізбесі, мемлекетаралық стандарттар және басқа бағдарламаларды әзірлеу);

- облыстың индустрияландыру картасына, «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасына, өңірдің өндірістік әлеуеті есебімен құрылыс индустриясын және агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі бағдарламаға қосу үшін жобаларға сараптама жүргізу;

- КО ТР талап етуіне сәйкес өнім өндірісінде отандық өндірушілерге жалпы және типтік қателер, проблемаларды, білікті мамандардың бар болуында олардың өндірістік мүмкіндігін, әрекеттегі сапаршылардың бар болуында сапа менеджмент жүйесіне енуін анықтау;

- кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына отандық өнім сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау жөнінде ұсыныс ұсыну (бұдан әрі – КО ТР);

- техниклық реттеу, стандарттау, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сәйкес бағалау (құптау) саласында аккредитация салаларында КО мемлект-мүшелерін заңнамалық үйлестіру жөнінде ұсыныс дайындау;

- КО ТР жобаларына ұсыныстар дайындау;

- штаб отырысының қорытындылары бойынша берген тапсырмаларды орындау барысында талдау жүргізу кеңес, дөңгелек столдар және басқа іс-шараларда, (с.і. өңірде) өткізілген;

- халықаралық стандарттардың талабына экспорттық бағдарлау кәсіпорына ауысу мүмкіндігін қарастыру.

Отырыстың кеңес хаттамасының қорытындылары жөнінде және қарастырылған мәселелер жөнінде ұсыныстар КО ТР әзірлеуге жауапты мемлекеттік органға ұсынылады.

3. Облыстық штаб өкілеттілігі

Штаб құқылы:

- өзінің отырысында өңірлік Штаб мүшелерінің баяндамасын тыңдауға;

- Штаб жұмысына мүдделі мемлекеттік органдар, даму институттары, «Нұр Отан» ХДП СҚОФ, ассоциация, СҚО Кәсіпкерлер палатасы өкілдері, бизнес-қауымдастық өкілдері, тұтынушылар, облыс өндірушілері КО ТР көлемінде қарау жөніндегі облыстың нүктелі өндірушілерінің келісуі жөнінде тарту;

- мүдделі мемлекеттік органдар, даму институттары, «Нұр Отан» ХДП СҚОФ, ассоциация, СҚО Кәсіпкерлер палатасы өкілдері, бизнес-қауымдастық өкілдері, тұтынушылар, облыс өндірушілерінен қажетті ақпарат және мәлімет сұрау;

- техникалық реттеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

- Штаб қызметін жақсарту жөніндегі ұсынысты қарастыруға енгізу.

4. Облыстық штаб қызметі

Штабты оның жұмысын жоспарлайтын және Штаб қызметінің нәтижесіне жауап беретін Басшы басқарады. Ол жоғында – Штаб басшысының орынбасары.

Штаб отырысы КО ТР әзірлеу және енгізу жөніндегі өзекті және/немесе проблемалық мәселелер түсуінің қажетті көлемі бойынша өткізіледі.

Штаб отырысының басталуына 5 күн қалғанда Басшы күн тәртібін бекітеді және Штаб мүшелерін өтетін күні мен уақыты туралы хабардар етеді.

Штаб мүшелері отырысқа қатысады, оның қызметі үшін қажетті ақпаратты уақытылы ұсынады.

Штаб мүшелері Штаб өткізетін ұйымдарға және өткізілетін іс-шараларға жәрдем көрсетеді.

Штаб отырысында қабылданатын шешім Штаб басшысымен бекітілетін хаттамамен ресімделеді.

Штаб мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда өзінің жеке ойын жазбаша түрде баяндауға құқылы, ол хаттамаға қосылады.